

Бағалы қағаздар нарығында қолданылатын негізгі ұғымдар

Андеррайтер – брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар және эмитентке эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару мен орналастыру жөнінде қызметтер көрсететін бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қатысушы.

Бағалы қағаз – мүліктік құқықтарды куәландыратын белгілі бір жазбалар мен басқа да белгілеулердің жиынтығы.

Бағалы қағаздардың атаулы құны – бұл бағалы қағаздарды шығару кезіндегі анықталған құнның ақшалай көрінісі.

Бағалы қағаздардың бастапқы нарығы – бұл бағалы қағаздарды шығару және орналастыру процесінде эмитент бір жағынан, инвесторлар екінші жағынан, осылардың арасындағы қалыптасатын қатынастар.

Бағалы қағаздардың қайталама нарығы – бұл бұрын сатылып кеткен қағаздардың қайталама айналысы.

Бағалы қағаздардың портфелі – бұл бағалы қағаздар нарығының субъектісінің меншігіндегі әр түрлі бағалы қағаздардың жиынтығы.

Бағалы қағаздар нарығының объектілері:

Заңнамада белгіленген тәртіппен бағалы қағаздар атағына ие болған:

- акциялар, облигациялар және бағалы қағаздардың басқа түрлері;
- туынды бағалы қағаздар (форвард, фьючерс, опцион);
- шет ел эмитенттердің бағалы қағаздары.

Бағалы қағаздар нарығының субъектілері:

инвесторлар, эмитенттер, құнды қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары және т.б.

Биржалық сессия – бұл заң жүзінде немесе жалпы қабылданған ережелер негізінде қор биржасы залында сауда жүргізу үшін белгіленген уақыт.

Брокераж – бұл брокерлердің жүргізетін делдалды операциялары.

Брокеридж – бұл брокерлердің атқарған қызыметіне алатын сыйақысы.

Брокер – бұл клиенттердің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мүдделерін көздеп шарт негізінде сыйақыға бағалы қағаздармен мәмлелерді жүзеге асыратын делдал.

Дилер – бұл бағалы қағаздарды өз есебінен сатып алып және сататын делдал.

Джоббер – бұл клиенттің барлық сұрақтарына және бағалы қағаздарды таңдауға көмектесетін кеңес беруші.

Бағалы қағаздар депозитариясы – бұл бағалы қағаздар иелерін есепке алу және олардың құқықтарын растау қызметін жүзеге асыратын мамандандырылған ұйым.

Депонент – бұл шарт негізінде депозитарий клиенті.

Биржадан тыс нарық – бұл бағалы қағаздарды қор биржасынан тыс, яғни банктерде, инвесторлық компанияларда, делдалдық фирмада сату.

Листинг – қор биржасының бағалы қағаздар тізімінің санатына енгізу және сол санатта болу үшін қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленіп, бағалы қағаздарды оған енгізу.

Делистинг – бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау.

Дивиденд - бұл акционерлер меншігіндегі акциялар санына қарай бөлінетін акционерлік қоғамның таза пайдасының бөлігі.

Депозитарийлік қолхат – осы депозитарийлік қолхаттың базалық активі болып табылатын эмиссиялық бағалы қағаздардың белгілі бір санына меншік құқығын растайтын туынды эмиссиялық бағалы қағаз.

Инвестор – бұл меншікті қаражатың бағалы қағаздарға салуды көздейтін жеке немесе заңды тұлға.

Кастодиан – бұл клиенттердің сеніп тапсырған бағалы қағаздар мен ақшаларын сақтау және есепке алу қызметін жүзеге асыратын кәсіби қатысушы.

Құнды қағаздардың котировкасы – бұл нарықта бағалы қағаздардың бағамын белгілеу.

Қор биржасы – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

Туынды бағалы қағаздар (деривативтер) – осы туынды бағалы қағаздардың базалық активке қатынасы бойынша құқықтарды куәландыратын бағалы қағаздар.

Эмитент – эмиссиялық бағалы қағаздарды шығаруды жүзеге асыратын тұлға.

Келесі ұғымдардың анықтамасыз табыңыз:

«Аю», «Бұқа», пай, «таза баға», «кір баға», «ұзын позиция», «қысқа позиция», «ашық позиция», «жабық позиция», капитализация, көгілдір фишкалар, маркет-мейкер, номиналды ұстаушы, трансфер-агент.